



QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

**2019 жылы ұлттық төлем жүйелері арқылы орташа есеппен күніне 3,1 трлн теңге сомасына төлемдер жүргізіліп отырған**

*2020 жылғы 6 наурыз*

2019 жылы Қазақстан аумағында ұлттық валютада жүргізілген қолма-қол ақшасыз төлемдер мен ақша аударымдарының жалпы көлемі **793 трлн теңгені** құрады, оның 96%-ы Ұлттық Банктің төлем жүйелері (Банкаралық ақша аудару жүйесі және Банкаралық клиринг жүйесі) арқылы жүргізілді.

2019 жылы көрсетілген төлем жүйелері арқылы **762,0 трлн теңге** сомасына 41,6 млн транзакция жүргізілді. Орташа есеппен күніне ұлттық төлем жүйелері арқылы жалпы сомасы 3,1 трлн теңгеге 169,3 мың төлем жүргізіледі, яғни операциялық күндері орта есеппен минутына 4,4 млрд теңге өтеді.

Ұлттық Банктің төлем жүйелерінің жұмысқа қабілеттілігі коэффициенті 2019 жылы **99,99%** болды. Бұл белгіленген нысаналы көрсеткіштен асып түседі және ұлттық төлем жүйелері жұмысының жоғары тиімділігін сипаттайды.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:**

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

+ 7 (727) 2704 596 (1596)

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)